

Тамақ дайындауға және шаруашылық-тұрмыстық қажеттілік үшін су жылытуға табиғи газды тұтыну мөлшері туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Әкімінің 2002 жылғы 24 желтоқсандағы N 220 шешімі. Жамбыл облыстық Әділет басқармасында 2003 жылғы 25 ақпанда N 851 тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімінің 2015 жылғы 23 қазандағы № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімінің 23.10.2015 № 2 шешімімен.

Тұрмыстық мақсатқа жұмсалатын табиғи газды үнемдеу және нақты жұмсалатын көлемін тұтыну мөлшеріне сәйкестендіру мақсатында және " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңы негізінде **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Тамақ дайындауға және шаруашылық-тұрмыстық қажеттілік үшін су жылытуға табиғи газды тұтынудың ұсынылып отырған орташа жылдық мөлшері бекітілсін.

2. Осы шешім 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс Әкімінің бірінші орынбасары А.Г. Савченкоға жүктелсін.

Облыс Әкімі

Жамбыл облысы
Әкімінің 2002 жылғы
"Тамақ дайындауға және
шаруашылық-тұрмыстық
қажеттілік үшін су жылытуға
табиғи газды тұтыну мөлшері туралы"
24.12.2002 ж. N 220
шешіміне қосымша

Тамақ дайындауға және шаруашылық-тұрмыстық қажеттілік үшін су жылытуға табиғи газды тұтыну мөлшері

N	Тамақ дайындауға және шаруашылық-тұрмыстық қажеттілік үшін су жылытуға бір айда 1 адамға табиғи газды тұтынудың шарттары	Тұтыну мөлшері
1	Газ плитасы, орталық жылыту жүйесі және ыстық сумен жабдықтау болған жағдайда (жылыту маусымы кезінде)	18,0 текше метр
2	Газ плитасы болғанда, орталық ыстық сумен жабдықтау және газбен су жылытқыш болмаған	22,0

.	жағдайда	текше метр
3	Газ плитасы, газбен су жылытқыш болғанда және орталық ыстық сумен жабдықтау болмаған жағдайда	28,0 текше метр
4	Моншада қосымша газбен су жылытқыш болған жағдайда	10,5 текше метр
5	Коммуналдық секторда жылыту маусымында орталық жылу жүйесі болмаған жағдайда, газ плитасы болғанда және табиғи газды үй жылыту үшін пайдаланған жағдайда айына	4,5 текше метр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК